

Turkistan Media Holding ЖШС Ішкі Талдау Анықтамасы

Түркістан қаласы

10.07.2024 ж.

Turkistan Media Holding ЖШС сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың ішкі талдауы «Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылға 2 ақпандағы №802 жарлығына, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 16-бабы және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін негізге алады.

Ішкі талдау жүргізілген жұмыс тобының мүшелері:

- Мемлекеттік сатып алу және тапсырыс бойынша маман - Рахматулла Әсет Нұрланұлы
Бас директор орынбасары - Қалыбай Абай Пернебекұлы
Шаруашылық бөлім басшысы - Әбішев Мұрат Сламбекович
Бас инженер - Узденбаев Азат
Материалдық бухгалтер - Даханов Ердаулет

Ішкі талдау жүргізу мерзімі

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің жалпы кезеңі 17.05.2024 ж.-28.06.2024 ж. аралығы.

Turkistan Media Holding ЖШС 2024 жылдың 29 сәуірдегі №74/1 бұйрығымен жұмыс тобы құрылды. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау кестеге сәйкес 2024 жылдың 17 мамыры мен 28 маусым аралығында жүргізілді.

1. Кіріспе

Turkistan Media Holding ЖШС-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың ішкі талдауы Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы №802 Жарлығына, Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңының 16-бабына, Қазақстан Республикасының "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі №451-І Заңына, Қазақстан Республикасының "Телерадио хабарларын тарату туралы" 2012 жылғы 18 қаңтардағы №545-IV Заңына және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жүргізіледі.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар

Turkistan Media Holding ЖШС-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралары шеңберінде біз компанияның барлық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және жою бойынша белсенді жұмыс жүргіздік. Бұл жұмыстың мақсаты компанияның барлық қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру және нығайту болды.

3. Талдау және зерттеу

Жұмыс тобының мүшелері заңнама талаптарын ескере отырып, компанияның барлық ішкі процестерін талдау және зерттеу жұмыстарын жүргізді. Біз қызметкерлер арасында сауалнамалар жүргізіп, олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат туралы пікірлерін, ұсыныстарын тыңдадық. Сонымен қатар, қызметкерлердің этикалық нормаларды сақтауын қадағалау мақсатында анонимді сауалнамалар өткізілді.

4. Құжаттарды өңдеу және жіберу

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар аясында біз әртүрлі құжаттарды өңдедік және тиісті органдарға жібердік. Бұл құжаттар компания қызметінің ашықтығын және әділдігін қамтамасыз ету үшін қажет болды. Әрбір жіберілген құжат мұқият тексеріліп, заңнама талаптарына сәйкестендірілді.

5. Оқыту және ақпараттандыру

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар аясында компания қызметкерлеріне тұрақты түрде оқыту және ақпараттандыру жұмыстары жүргізілді. Біз заңнама талаптары мен компанияның ішкі ережелерін түсіндіру мақсатында семинарлар мен тренингтер ұйымдастырдық. Бұл іс-шаралар қызметкерлердің құқықтық сауаттылығын арттыруға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәдениетін қалыптастыруға ықпал етті.

6. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау

Жұмыс тобы компанияның барлық бөлімшелерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау жұмыстарын жүргізді. Әр бөлімшенің жұмысы мұқият зерттеліп, сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін факторлар анықталды. Анықталған тәуекелдер бойынша тиісті шаралар қабылданып, оларды жоюға бағытталған іс-шаралар жоспарланды.

7. Қорытынды

Түркістан облысының қоғамдық даму басқармасы «Turkistan media holding» ЖШС 1. Мекеменің 01.04.2024 жылғы №72 ж/қ бұйрығында Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің заңнама талаптары дұрыс қолданылмаған

2. Бос жұмыс орындары «еңбек.кз» порталына жарияланбаған

3. Жұмысқа қабылдау процесі электрондық жүйеге толық ауыстырылмаған, яғни жұмыс беруші мен қызметкер арасында тікелей


«қарым-қатынас» арқылы жүзеге асырылады, сәйкесінше сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудырады.

4. Мекеменің 02.05.2024 жылғы №122 ж/қ бұйрығында негіздеме көрсетілмеген

5. Мекеме қызметкерлері бұйрықтармен тек ішінара таныстырылған

Ішкі талдау жүргізілген жұмыс тобының мүшелері:


Бас директор орынбасары - Қалыбай Абай Пернебекұлы



Мемлекеттік сатып алу және тапсырыс бойынша маман - Рахматулла Әсет Нұрланұлы - *еңбек демалысында*

- Шаруашылық бөлім басшысы - Әбішев Мұрат Сламбекович – 

Бас инженер - Узденбаев Азат



Материалдық бухгалтер Даханов Ердаулет

